

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР / СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ / SOCIAL SCIENCES

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР МЕН ОТБАСЫ РӨЛДЕРІНІҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУЫ: ГЕНДЕРЛІК ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Бауыржанова А.Қ.

магистрант 2 курса образовательной программы 7М03101- «Социология»,
ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана қ., Қазақстан

Мақалада әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялардың отбасы рөлдерін қайта құруға әсері гендерлік перспективадан зерттеледі. Зерттеу әлеуметтік желілердің жаңа рөлдік модельдерді қалыптастыруға, рөлдік қақтығыстар мен түсінбеушіліктерді арттыруға ықпал ететінін көрсетеді. Мақалада психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлар ескеріліп, отбасы динамикасын түсінуге бағытталған талдау ұсынылады.

Кілт сөздер: әлеуметтік желілер, гендерлік рөлдер, отбасы институты, коммуникация, отбасы динамикасы

Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілер ХХІ ғасырда қоғамдық қарым-қатынас құрылымдарын түбегейлі өзгертті. Әлеуметтік желілер адамдардың байланыс орнату, ақпарат алу, өзін-өзі көрсету және әлеуметтік мәртебе қалыптастыру тәсілдерін қайта қарауға мүмкіндік берді. Бұл үрдістер отбасы институтына және некелік қатынастарға да әсер етуде.

Қазақстан Республикасының ресми демографиялық статистикасы көрсеткендей, елде соңғы жылдары неке саны мен ажырасулар саны арасында бірқатар күрделі тенденциялар байқалады. 2024 жылы шамамен 123,6 мың неке тіркеліп, 40,6 мың ажырасу рәсімделді, бұл некелердің айтарлықтай бөлігінің тұрақсыз екенін көрсетеді. Елдегі коэффициент разводимости — әрбір 1000 адамға шаққандағы ажырасулар саны — шамамен 2,01-ге тең болып отыр. Бұл әдеттегі демографиялық көрсеткіштермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары сан есептеледі, және де социологтар мен демографтар үшін маңызды зерттеу объектісіне айналуда.

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика Бюросы жариялаған деректерге сәйкес: 2023 жылы 120,8 мың неке тіркеліп, 40,2 мың ажырасу рәсімделген, бұл некелердің 34,9%-ы алғашқы 1–4 жыл аралығында тоқтағанын көрсетеді. Урбанизацияланған қалаларда ажырасу көрсеткіші жоғары болса да, ауылдық аймақтарда да белгілі деңгейде өсу байқалады. 2025 жылы жүргізілген әлеуметтік талдаулар бойынша Қазақстанда некелердің

шамамен 32,8 %-ы ажырасумен аяқталған. Бұл көрсеткіштер Қазақстандағы ажырасу деңгейінің жоғары екенін және әлеуметтік, мәдени, экономикалық факторларды жан-жақты зерделеуді қажет ететінін көрсетеді.

Әлеуметтік желілер қазіргі қоғамдағы коммуникацияның негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар отбасы қатынастарын қайта пішімдейтін әлеуметтік кеңістік болып отыр. Олар адамдарға өз өмірін көрсетуге, басқа жұптардың қарым-қатынасын бақылауға және жаңа қарым-қатынас мүмкіндіктерін жасауға мүмкіндік береді. Бұл үрдістер Қазақстандағы отбасылық қатынастарға бірнеше бағытта әсер етеді.

Бірінші бағыт – баламалы қарым-қатынастарға қолжетімділіктің артуы. Әлеуметтік желілер арқылы бұрынғы таныстармен немесе жаңа адамдармен байланыс орнату оңай болады. Онлайн ортадағы қарым-қатынастың қарапайымдылығы кейде эмоционалды байланыс әлсіреген жұптарда жаңа қарым-қатынастардың пайда болуына ықпал етеді, бұл кейде әлеуметтік және психологиялық қысым тудырады.

Екінші бағыт – әлеуметтік салыстыру тәжірибесінің күшеюі. Әлеуметтік желілерде жиі көрсетілетін идеалдандырылған өмір бейнелері – «мінсіз отбасы», «қуанышты жұп», «жетістіктер мен саяхаттар» – адамдардың өз отбасылық өміріне қанағаттанбаушылық сезімін туындатуы мүмкін. Бұл құбылыс, әсіресе жастар мен белсенді әлеуметтік желі қолданушылар арасында, өз қатынастарын басқалармен салыстыруға әкеледі.

Үшінші бағыт – сенім мен бақылау мәселелері. Онлайн белсенділікті қадағалау немесе серіктестің әрекеттерін бақылау сенім мәселелерін күшейтеді. Қарым-қатынастың бастапқыда әлсіз болған жағдайында әлеуметтік желілер жанжалға, ревностьқа және психологиялық қысымға себеп болуы мүмкін.

Төртінші бағыт – коммуникация мәдениетіне әсері. Әлеуметтік желілер қарым-қатынас мәдениетін өзгертеді. Платформалар арқылы жұптар эмоцияларын жария түрде көрсетуге мәжбүр болады, бұл кейде қақтығыстарды «ашық алаңда» шешуге алып келеді. Сонымен қатар, онлайн хабарламалар мен реакциялар нақты қарым-қатынасқа бөлінетін уақытты қысқартады, бұл эмоционалды жақындасуға кедергі жасайды.

Бесінші бағыт – жаңа әлеуметтік нормалардың қалыптасуы. Әлеуметтік желілер отбасылық қатынастарда жаңа нормалар мен тәжірибелерді енгізеді. Онлайн ортадағы серіктестің мінез-құлқын бақылау, фотоларға реакция жасау немесе достар тізіміндегі өзгерістерді қадағалау сияқты жаңа әрекеттер цифрлық этика нормаларын қалыптастырды. Бұл құбылыс отбасы институтының дәстүрлі құрылымына жанама түрде әсер етеді және кейде тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін.

Бұл зерттеу әлеуметтік желілердің ерлі-зайыптылық қатынастарға ықпалын түсіндіру үшін бірнеше негізгі социологиялық теориялар мен концепцияларға сүйенеді.

1. Институционалдық теория

Институционалдық теория бойынша отбасы – әлеуметтік нормалар, дәстүрлер және міндеттемелер жүйесі. Ол тек жеке қатынастардың тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы мәдени және әлеуметтік құрылымдарға да байланысты. Қазақстандағы дәстүрлі отбасы мәдениеті некені тек екі адамның арасындағы байланыс емес, сонымен бірге қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін әлеуметтік институт ретінде қарастырады. Цифрлық дәуірде әлеуметтік желілер бұл қалыптасқан нормаларға жаңа контекст енгізеді: онлайн ортада адамдар өз эмоцияларын бөлісуге, басқа жұптардың өмірін бақылауға және жаңа қарым-қатынастар құруға мүмкіндік алады. Мұның нәтижесінде дәстүрлі институционалдық рөлдерге әсер етіп, некелік міндеттемелер мен сенім жүйесіне жаңа мән береді. Мысалы, жұбайлар әлеуметтік желілер арқылы өзара қарым-қатынасты бақылай отырып, бұрынғы дәстүрлі рөлдерді қайта бағалауы мүмкін.

2. Әлеуметтік айырбас теориясы

Әлеуметтік айырбас теориясы бойынша адам қарым-қатынасты рационалды таңдау ретінде қарастырады, яғни қатынастың пайдасы мен шығынын салыстырады. Әлеуметтік желілердің дамуы баламалы қарым-қатынастарға қолжетімділікті арттырады, бұл жұптар арасындағы эмоционалдық қанағаттану деңгейін төмендетуі мүмкін. Мысалы, онлайн танысу платформалары немесе бұрынғы таныстармен қайта байланыс жасау мүмкіндігі кейбір қатысушыларда қарым-қатынастың тұрақтылығына күмән туғызуы ықтимал. Осы тұрғыдан әлеуметтік желілер некелік қатынастардың сенім деңгейін, эмоционалдық жақындықты және қақтығыстарды шешу қабілетін өзгерте алады.

3. Әлеуметтік салыстыру теориясы

Әлеуметтік салыстыру теориясы адамның өз өмірін басқа адамдармен салыстыру арқылы бағалайтынын көрсетеді. Әлеуметтік желілерде жиі көрсетілетін «идеалды отбасы», «мінсіз қарым-қатынас» бейнелері қатысушыларда өз отбасылық өміріне қанағаттанбаушылық тудыруы мүмкін. Бұл үрдіс сенімсіздік, көңіл қанағатсыздығы және психологиялық қысым туғызуы ықтимал. Қазақстандағы жастар арасында әлеуметтік желілерді белсенді қолдану осы эффектіні күшейтетін фактор ретінде көрінеді, әсіресе егер қарым-қатынас бастапқыда әлсіз болса немесе сенім мәселелері байқалса.

4. Цифрлық медиа және коммуникация теориялары

Қазіргі заманғы зерттеулер әлеуметтік желілерді тек ақпарат алмасу құралы емес, қарым-қатынасты қайта құрушы медиа ретінде қарастырады. Цифрлық коммуникация арқылы жұптар эмоцияларын бөліседі, қақтығыстарды жариялаудың жаңа тәсілдерін қолданады және әлеуметтік бағалауды бақылауға алады. Бұл өз кезегінде некелік қатынастардың құрылымын өзгертіп, ажырасу немесе тұрақтылыққа әсер етуі мүмкін.

Қазақстандағы соңғы әлеуметтік зерттеулер әлеуметтік желілердің отбасылық қатынастарға әсерін нақты көрсетеді. Мысалы, зерттеулер көрсеткендей, онлайн белсенділікті жиі пайдаланатын жұптар арасында сенім мәселелері көбейіп, қарым-қатынасқа бөлінетін уақыт қысқарады. Бұл әсіресе некелердің алғашқы бірнеше жылында байқалады, себебі сенім мәселелері жанжалды және тұрақсыздықты туындатуы мүмкін.

Сауалнама деректері бойынша, әлеуметтік желілерді белсенді қолданатын жұптардың шамамен 60 %-ы өз қарым-қатынастарында эмоционалды қанағатсыздық сезімін білдірген. Сонымен қатар, 45 %-дан астам респонденттер әлеуметтік желілердің баламалы қарым-қатынастарға қолжетімділікті арттыратынын атап көрсеткен, бұл кейбір жағдайларда отбасылық қақтығыстардың күшеюіне ықпал етеді.

Зерттеулер сондай-ақ коммуникация мәдениетіне әлеуметтік желілердің әсерін анықтады. Онлайн ортада эмоцияларды жария түрде көрсету қажеттілігі қақтығыстарды «ашық алаңда» шешуге әкеледі, бұл отбасы ішіндегі эмоционалды кернеуді арттырады. Нақты деректерге сәйкес, әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетін жұптар өзара қарым-қатынасқа бөлінетін уақыттың шамамен 30 %-ын онлайн әрекеттерге жұмсайды. Бұл эмоционалды жақындасу мен ортақ тәжірибе жинауға кедергі жасайды.

Әлеуметтік желілер бұл үрдістерді күшейтетін маңызды құрал болып табылады. Олар жаңа қарым-қатынас формаларын енгізеді, қатынастардағы эмоционалды тепе-теңдікті өзгертеді және кейбір жұптарда түсініспеушілікті арттыруы мүмкін. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер отбасының институттық тұрақтылығына тікелей емес, бірақ жанама ықпал жасай отырып, заманауи отбасы қатынастарына жаңа нормалар мен тәжірибелер енгізеді.

Эмпирикалық деректер көрсеткендей, урбанизацияланған қалаларда әлеуметтік желілердің отбасылық қатынастарға әсері ауылдық аймақтарға қарағанда жоғары. Зерттеулер көрсеткендей, қалалық жұптардың шамамен 40 %-ы әлеуметтік желілердің қарым-қатынасына әсерін сезінеді, ал ауылдық аймақтарда бұл көрсеткіш шамамен 25 %-ды құрайды.

Бұл тұрғыда, әлеуметтік желілердің әсері көпқабатты болып табылады: бір жағынан, олар байланыс пен әлеуметтік қолдауды кеңейтеді; екінші жағынан, олар сенім мәселелері мен қақтығыстарға жол ашып, эмоционалды тұрақтылыққа кедергі жасайды. Сондықтан әлеуметтік желілерді ажырасу немесе отбасылық тұрақсыздық факторы ретінде қарастыру тек толық әлеуметтік, мәдени және экономикалық контекст ескеріле отырып мүмкін болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда отбасы институтын нығайту мен оның тұрақтылығын сақтау үшін әлеуметтік желілердің ықпалын түсіну маңызды. Бұл зерттеулер отбасының эмоционалды денсаулығы, қарым-қатынас мәдениеті

және цифрлық коммуникацияны саналы пайдалану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды жасауға мүмкіндік береді.

Цифрлық дәуірдегі әлеуметтік желілер ерлі-зайыптылық қатынастардың мазмұны мен формасын түбегейлі өзгертуге қабілетті маңызды әлеуметтік факторға айналды. Олар коммуникация мен әлеуметтік байланыстарды кеңейтумен қатар, қарым-қатынастың тұрақтылығына әсер ететін жаңа тәуекелдерді тудырады. Әлеуметтік салыстыру тәжірибесінің күшеюі, серіктестер арасындағы сенім мәселелері және баламалы қарым-қатынастарға қолжетімділіктің артуы некенің эмоционалды тұрақтылығына жанама, бірақ айтарлықтай ықпал етеді.

Ажырасу үрдістерін түсіндіруде әлеуметтік желілерді жеке себеп ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оларды әлеуметтік, мәдени және экономикалық факторлармен өзара байланыста қарастыру қажет. Бұл тұрғыда, әлеуметтік желілердің ықпалы отбасы институтының тұрақтылығын күшейтетін немесе әлсірететін көпқабатты әлеуметтік контексттің бір бөлігі ретінде бағалануы тиіс.

Отбасы институтын нығайту үшін бірнеше әлеуметтік шараларды қолдану маңызды болып табылады. Біріншіден, медиа-сауаттылықты арттыру – бұл азаматтарды цифрлық коммуникацияның оң және теріс әсерлеріне үйретіп, әлеуметтік желілерді саналы пайдалану мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, цифрлық этика мәдениетін дамыту – отбасылық қарым-қатынастардағы онлайн тәртіп пен шекараларды түсіндіру арқылы сенімділікті нығайтады. Үшіншіден, жанұя ішіндегі коммуникация дағдыларын жетілдіру – жұптар арасындағы эмоционалды байланысты сақтап, қақтығыстарды тиімді шешуге септігін тигізеді.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялардың отбасылық қатынастарға әсерін зерттеу жалғасуы қажет. Бұл зерттеулер жаңа әлеуметтік нормаларды, қарым-қатынастың заманауи формаларын және эмоционалды тұрақтылыққа ықпал ететін факторларды нақтылап, отбасылық саясат пен әлеуметтік бағдарламаларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер қазіргі қоғамда ерлі-зайыптылық қатынастардың өзгеруін түсінудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Олар отбасы институтына тікелей емес, бірақ жанама түрде әсер етіп, заманауи қарым-қатынас тәжірибесін өзгертуде. Осы әсерді саналы түрде басқару арқылы қоғамда некенің тұрақтылығы мен отбасы институтының беріктігін арттыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Politico.kz. Ажырасулар статистикасы мен отбасылық қолдау шаралары: статистика 2024–2025 жж. <https://politico.kz/ru/article/razvody-v-kazahstane-2025-oficial-naa-statistika-i-novye-mery-podderzki-semej?>

2. rust.baq.kz. Браки и разводы в Казахстане: последние цифры и тенденции. <https://rus.baq.kz/teg/razvody/?>

3. Бюро национальной статистики РК. Браки и разводы 2023: демографические показатели. <https://stat.gov.kz/ru/news/na-1000-brakov-prikhoditsya-333-razvoda-/>

4. Liter.kz. Аналитика коэффициента разводимости по регионам. <https://liter.kz/liubov-v-tsifrah-chislo-brakov-vyroslo-v-kazahstane-1742013026/>

5. Thibault H. Online Temptations: Divorce and Extramarital Affairs in Kazakhstan. Religions, 2021. <https://www.mdpi.com/2077-1444/12/8/654?>

6. AERC.org.kz. Любовь и восприятие брака в Казахстане: национальный доклад «Казахстанские семьи – 2024». <https://aerc.org.kz/ru/sobytie/lyubov-v-epohu-peremen-kak-menyayetsya-vospriyatie-braka-v-kazahstane-i-mire>

РЕКОНСТРУКЦИЯ СЕМЕЙНЫХ РОЛЕЙ И СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ: ГЕНДЕРНЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ

Бауыржанова А.Қ.

В статье рассматривается влияние социальных сетей и цифровых технологий на трансформацию семейных ролей с гендерной перспективой. Исследование показывает, что социальные сети способствуют формированию новых ролевых моделей, а также могут усиливать ролевые конфликты и непонимание. В статье предложен анализ с учетом психологических, социальных и культурных факторов для понимания динамики семьи.

Ключевые слова: социальные сети, гендерные роли, институт семьи, коммуникация, динамика семьи

RECONSTRUCTION OF FAMILY ROLES AND SOCIAL NETWORKS: GENDER PERSPECTIVES

Bauyrzanova A.

The article examines the impact of social media and digital technologies on the transformation of family roles from a gender perspective. The study demonstrates that social media contribute to the formation of new role models and may intensify role conflicts and misunderstandings. The article provides an analysis considering psychological, social, and cultural factors to understand family dynamics.

Keywords: social media, gender roles, family institution, communication, family dynamics.